




Психологияның негізгі зерттеу әдістері

► **Психология** — адамның жеке бірлік ретіндегі психикасын, өзінің сан-алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да туа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетін зерттейтін ғылым, кей-кезде адам мінез-құлығын зерттеу деп те анықталады. Қыруар тараулары теориялық және практикалық бағыттарды қарастырады, қолданбалы бағыттары да сан алуан: терапевттік, қоғамдық, кәсіпкерлік, кей жағдайда саясаттық және теологиялық. Психологияның негізгі мақсаты — психиканы субъективтік структураның, сыртқы ортаны байымдаумен, елестетумен жұптасқан айырықша іс-әрекеттің негізі ретінде зерттеу.



- ▶ **Психология әдістері.** Ғылым - ең алдымен зерттеу ісі. Сондықтан, ғылым сипаттамасы тек оның пәнін анықтаумен шектелмей, әдістер аймағын тануды да қамтиды. **Әдістер дегеніміз ғылымның пәндік мазмұнын анықтаудың жолдары, тәсілдері .** Ғылым әдістері жаңа заңдылықтарды аша отырып, сол ғылымның негізгі заң-дылықтарына иек артады. Осыдан зерттеу әдістері ғылым-ның өзімен бірге дамып, өзгерістерге келіп отырады.

- ▶ Зерттеу әдістері қандай да бір әдіснамалық талаптарға сай болады, мұндай ғылыми-психологиялық зерттеулерге қойылатын талаптар (принциптер) келесідей:



1. Құбылыстардың сыртқы көрінісі мен олардың ішкі табиғаты арасындағы толық сәйкестікті таба білу;



2. Психикалық құбылыстарды зерттеуде психо-физиологиялық принципті негізге алу шарт, бірақ физиологиялық (биологиялық) білімдер мен факторларды көмекші құрал ретінде пайдалану қажет;



3. Психологиялық зерттеулердің, негізінен, адам әрекетін әлеуметтік-тарихи талдау нәтижесіне арқа сүйеуі;




4. Психологиялық заңдылықтарды адамның психикасы, іс-әрекеті және оларды қозғаушы күштердің үздіксіз дамуы процесінде нақтылау.

1.Ұйымдастыру әдістері

- ▶ өз ішіне салыстыру әдісі (әрқандай топты жасы, қызметі ж.т.б. бойынша салыстыра, зерттеу); лонгитюд әдісі (бір адамды не адамдар тобын ұзақ уақыт аралығында қайталап, зерттеп бару); комплекстік әдіс (зерттеуге әртүрлі ғылымдар өкілдері қатысып, бір объекті жан-жақты, әртүрлі құралдармен зерттеу). Мұндай зерттеудің нәтижесінде сан қилы құбылыстар мен байланыстар және тәуелді қатынастарды ашу мүмкіндігі туады. Мысалы, жеке адамның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан даму байланысы.



- 
- ▶ **2. Эмпирикалық әдістер.** Бұл топқа енетіндер: бақылау мен өзіндік бақылау, экспериментальды (лабораториялық, табиғи, қалыптастырушы) әдістер; психологиялық болжау (психодиагностика): тест, анкета, сұрақ беру, социометрия, интервью, әңгімелесу - әдістері; шығармашылық, іс-әрекет өнімдерін талдау әдістері; өмірбаянымен танысу әдістері.

Бақылау

- ▶ психологияда кең тараған әдіс. Зерттеуші басқа адамның іс–әрекетін, оның мінез–құлқын, психикасын, қозғалысын, сөйлеген сөзін жоспарлы түрде бақылайды. Адамның мінез–құлқын дұрыс түсіне білудің де маңызы зор. Мысалы оқушының бет–әлпетіне ден қоя берудің керегі жоқ. Кейде оқушы зер салып отырған адамның кейпінде болады, ал шынында ол мұғалімнің айтып жатқанын тыңдамай отырады. Сондықтан балалардың жай күйін білу үшін, оларға зер салып қарау жеткіліксіз, басқа әдістер сұраулар қоюды қолдану керек.

Тәжірибе.

- ▶ Ғылыми–зерттеу жүргізуде эксперименттік әдістің мәні – сыналушыға зерттеуге қажет психикалық процесті әдейі жасатады. Яғни тәжірибе жасауда зерттеуші өзіне қажетті психикалық қасиеттерді көлденеңнен кез болуын күтіп тұрмай, сол процестің тууына өзі жағдай жасайды. Мәселен, мәтінді дұрыс түсініп, игеруде оны оқудың қолайлы шапшаңдығын білу үшін, белгілі бір әңгімені бір топтағы балаларға 3 минутта, сол үзіндіні екінші топтағы балаларға 5 минутта, үшінші топтағыларға 7 минутта оқытады. Бір қатар тәжірибе жас

Тәжірибенің 2 түрі болады:

- ▶ 1. Зертханалық тәжірибе

- ▶ 2. Табиғи тәжірибе

Назарларыңызға рахмет!!!

